

#1(39)2026

ЕНПФ

PRO

Ф

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

2 **ЖАҢАЛЫҚТАР / НОВОСТИ**
Қазақстанның зейнетақы жүйесіндегі
2026 жылғы өзгерістер
Изменения в пенсионной системе
Казахстана в 2026 году

10 **ОҚИҒА / СОБЫТИЕ**
“Ұлттық қор - балаларға”: қаражатты
пайдалану мүмкіндіктері, кезекті аударымдар
және бағдарламаны іске асыру нәтижелері
“Нацфонд - детям”: возможности
использования, начисления и результаты
реализации программы

16 **СҰРАҚ-ЖАУАП / ВОПРОС-ОТВЕТ**
“Ұлттық қор - балаларға” ең өзекті сауалдар
“Нацфонд - детям” самые популярные
вопросы

22 **СҰҚБАТ / ИНТЕРВЬЮ**
Зейнетақы капиталы: ИПБ қатысуымен
инвестициялық басқару
Пенсионный капитал: инвестиционное
управление с участием УИП

16 **БІЛГЕН АБЗАЛ / ВАЖНО ЗНАТЬ**
БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық
басқару бойынша invest.enpf.kz бірыңғай
интернет-платформасын іске қосты
ЕНПФ запускает единую интернет-
платформу по инвестиционному управлению
пенсионными активами invest.enpf.kz

39 **МЕНИҢ ЕЛІМ / МОЯ СТРАНА**
Қош келдің, Наурыз!
Наурыз! Добро пожаловать!



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ 2026 ЖЫЛҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ИЗМЕНЕНИЯ В ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХСТАНА В 2026 ГОДУ

2026 жылға арналған базалық есептік көрсеткіштер

Бекітілген республикалық бюджетке сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай базалық шамалар белгіленді:

Базовые расчётные показатели на 2026 год

Согласно утверждённому республиканскому бюджету, с 1 января 2026 года установлены следующие базовые величины:

4 325 тг **69 049 тг** **85 000 тг** **50 851 тг**

айлық есептік
көрсеткіш (АЕК)

месячный
расчётный
показатель (МРП)

ең төменгі
зейнетақы

минимальная
пенсия

ең төменгі жалақы
(ЕТЖ)

минимальная
заработная плата
(МЗП)

күнкөріс
деңгейі (КД)

прожиточный
минимум (ПМ)

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында жаңа Салық кодексі күшіне енді

БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан (ЖТС) босатылды

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа Салық кодексіне сәйкес, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін зейнетақы төлемдері, сондай-ақ тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе емделу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) жеке табыс салығынан (ЖТС) **босатылды**.

Бұрын қалай болды?

Бұрын БЖЗҚ-дан берілетін барлық зейнетақы төлемдері, оның ішінде біржолғы зейнетақы төлемдері де, табыс ретінде қарастырылып, төлем көзінен 10% мөлшерлеме бойынша ЖТС ұсталатын. Зейнетақы жарналары жеке зейнетақы шоттарына салық салынбай тұрып аударылып, жеке табыс салығы төлем жасау кезінде ұсталатын. Бұл ретте түзету сомалары мен салықтық шегерімдер ескерілді.

Тұрғын үй немесе емделу мақсаттарына пайдаланылған біржолғы зейнетақы төлемдерінен де ЖТС ұсталатын. Алушы өз қалауы бойынша салықты төлем алған кезінде бірден немесе зейнетке шыққанға дейін кейінге қалдырып, төлемдер кестесіне сәйкес төлеу тәсілін таңдай алатын.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қалай болады?

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен, оның ішінде біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС ұсталмайды. ЖТС тек Қазақстан Республикасының резиденті

С 1 января 2026 года в Республике Казахстан вступил в силу новый Налоговый кодекс

Пенсионные выплаты из ЕНПФ освобождены от ИПН

С 1 января 2026 года, согласно вступившему в силу новому Налоговому кодексу, доходы в виде пенсионных выплат, единовременных пенсионных выплат на жилье/лечение (ЕПВ) из ЕНПФ **освобождены** от индивидуального подоходного налога (ИПН), за исключением пенсионных выплат, осуществляемых нерезидентам Республики Казахстан.

Как было?

Ранее все пенсионные выплаты, в том числе ЕПВ из ЕНПФ относились к доходу, который облагался ИПН по ставке 10% у источника выплаты. Пенсионные взносы перечислялись на индивидуальные пенсионные счета до налогообложения, ИПН удерживался при выплатах. При этом учитывались суммы корректировки и налоговых вычетов.

При использовании единовременных пенсионных выплат на жилье/лечение также предусматривалось удержание ИПН. При этом существовало два способа его удержания на выбор получателя: сразу при получении ЕПВ или с отсрочкой до выплат по графику.

Как с 1 января 2026 года?

ИПН не удерживается со всех видов пенсионных выплат за исключением случаев, если получатель будет нерезидентом Республики Казахстан, а также не будет удерживаться с ЕПВ.

емес тұлғаларға берілетін зейнетақы төлемдерінен ғана ұсталады.

Сонымен қатар, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үй немесе емделу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері бойынша зейнетке шыққанға дейін кейінге қалдырылған ЖТС төлеу міндеттемелері жойылады, алайда бұрын бюджетке төленген салық сомалары қайтарылмайды.

Әлеуметтік осал топтарға жататын тұлғалар біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі салық салынатын табысқа қатысты тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 882 еселенген мөлшері шегінде салықтық шегерім қолдану құқығына ие. Бұл санатқа I, II немесе III топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың немесе қорғаншылардың бірі, жетім балаларды асырап алған (қамқорлығына алған) ата-аналардың бірі, әскери қимылдарға қатысқан ардагерлер және өзге де тұлғалар жатады. Аталған тұлғалардың толық тізбесі Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 404-бабында көрсетілген. Егер осы санатқа жататын алушылар біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану кезінде ЖТС-ты бірден төлеген болса, олар БЖЗҚ-ға тиісті өтінішпен және растайтын құжаттармен жүгініп, жаңа Салық кодексіне сәйкес ЖТС-ты қайта есептеп, қайтару мәселесін БЗТ алынған күннен бастап **үш жыл ішінде** жүзеге асыра алады.

Тағы қандай өзгерістер бар?

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке тұлғаның өз пайдасына аударған ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімдер жойылады. Бұрын бұл шегерімдер Салық кодексінде белгіленген мөлшерде төлем көзінен салық салынатын табысқа қолданылатын.

Бұл ретте жұмыс берушінің БЖЗҚ-ға өз қызметкерінің пайдасына аударған

Изменения включают также **отмену с 1 января 2026 года начисленных обязательств по уплате ИПН** с ЕПВ на жилье/лечение, отсроченных до выхода на пенсию, но не предполагают возврата ранее уплаченных в бюджет налогов.

При этом лица, относящиеся к социально уязвимым группам, имеют право на применение налоговых вычетов в пределах 882-кратного размера месячного расчетного показателя, действующего на 1 января соответствующего финансового года к налогооблагаемому доходу в виде единовременных пенсионных выплат. Это лица с инвалидностью первой, второй или третьей групп, один из родителей или опекунов детей с инвалидностью, один из усыновителей (удочерителей), приемных родителей детей-сирот, ветераны боевых событий и другие категории. Полный перечень лиц – в 404 статье Налогового кодекса РК. Если получатели, относящиеся к данной категории, при использовании ЕПВ оплатили ИПН сразу, они могут обратиться с соответствующим заявлением и подтверждающими документами в ЕНПФ для применения перерасчета и возмещения ИПН согласно новому Налоговому кодексу **в течение трех лет** с даты получения ЕПВ.

Что еще изменилось?

Также изменения включают отмену с 1 января 2026 года налоговых вычетов по добровольным пенсионным взносам, произведенным в свою пользу, применяющихся в установленных Налоговым кодексом размерах к доходу, подлежащему налогообложению у источника выплаты.

При этом сохранилась норма о том, что добровольные пенсионные взносы, перечисленные налоговым агентом в ЕНПФ в пользу работника, не являются доходом физического лица

ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның (қызметкердің) табысы болып есептелмейді. Тиісінше, оған ЖТС салынбайды. Ал жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатады. Яғни, бұл жағдайда қызметкер де, жұмыс беруші де салықтық жеңілдікке ие болады.

Арнайы салық режимдерінің жаңа жүйесі: халықты әлеуметтік және зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейту

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жаңа Салық кодексінің күшіне енуіне және ҚР Әлеуметтік кодексіне өзгерістер енгізілуіне байланысты жаңартылған арнаулы салық режимдері (АСР)¹ енгізілді: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР, оңайлатылған декларация негізінде АСР, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтары (ШФҚ) үшін АСР. Бұл режимдер өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың салық қана емес, сонымен қатар зейнетақы жарналарының міндетті түрлерін төлеуін де реттеп, мынадай мақсаттарға бағытталған:

- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен шағын бизнесті белсенді тарту есебінен зейнетақы және әлеуметтік жүйемен қамтуды кеңейту;
- Қазақстанның миллиондаған азаматтары үшін бизнес жүргізуді жеңілдету;
- мобильді қосымшалар мен онлайн-платформалар арқылы салықтық әкімшілендіруді одан әрі цифрландыру.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, оның ішінде қызметін интернет-платформаларды пайдалана отырып жүзеге асыратындарға арналған АСР

2026 жылдан бастап енгізілген өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР

¹ Қазақстан Республикасының “Салық салу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” 2025 жылғы 18 шілдедегі № 215-VIII Заңына сәйкес 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап

(соответственно, не облагаются ИПН), а для работодателя такие расходы подлежат вычету при расчёте корпоративного подоходного налога. То есть в этом случае налоговые льготы получает и работник, и работодатель.

Новая система специальных налоговых режимов: расширение охвата населения социальной и пенсионной системой

С 1 января 2026 года в Казахстане в связи со вступлением в силу нового Налогового кодекса РК и внесением изменений в Социальный кодекс РК введены обновленные специальные налоговые режимы (СНР)¹: СНР для самозанятых, СНР на основе упрощенной декларации, а также СНР для крестьянских или фермерских хозяйств (КФХ). Эти режимы регулируют уплату налогов самозанятыми гражданами, обязательных видов пенсионных взносов и направлено на:

- расширение охвата пенсионной и социальной системой за счёт активного вовлечения самозанятых и микробизнеса;
- упрощение ведения бизнеса для миллионов граждан Казахстана;
- дальнейшую цифровизацию налогового администрирования через мобильные приложения и онлайн-платформы.

СНР для самозанятых, в том числе осуществляющих деятельность с использованием интернет-платформ

Внедренный с 2026 года СНР для самозанятых предназначен для физических лиц (граждан Казахстана, кандасов), **не являющихся индивидуальными предпринимателями (ИП) и не использующих труд наемных**

¹ в соответствии с Законом Республики Казахстан от 18 июля 2025 года № 215-VIII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам налогообложения» с 1 января 2026 года

жеке кәсіпкерлер (ЖК) болып табылмайтын және жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын жеке тұлғаларға (Қазақстан азаматтары, қандастар) арналған. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР ҚР Үкіметі бекітетін қызмет түрлерінің шектеулі тізбесіне қолданылады. Осы АСР-ды қолданатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) алған табыстарынан өздері төлейді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР бойынша зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі:

- МЗЖ – табысының 1%,
- ЖМЗЖ – табысының 1%.

АСР қолданатын және қызметін интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалану арқылы жүзеге асыратын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардан МЗЖ мен ЖМЗЖ-ны интернет-платформа операторы ұстап, аударатын болады.

Оңайлатылған декларация негізіндегі және шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған АСР

Аталған АСР үшін зейнетақы жарналарының мөлшерлемелері:

- МЗЖ – табыстың 10%
- ЖМЗЖ – 2026 жылы табыстың 3,5%, содан кейін жыл сайын өсіп, 2028 жылы 5%-ға дейін көтеріледі.

² ҚР Әлеуметтік кодексінің 102-1-бабына сәйкес

³ интернет-платформа операторы (оператор) - интернет-платформаны пайдалана отырып, техникалық, ұйымдастырушылық (оның ішінде жұмыстарды немесе қызметтерді көрсету үшін үшінші тұлғаларды тарта отырып көрсетілетін қызметтерді), Ақпараттық технологиялар мен жүйелерді қолдана отырып, байланыс орнату және қызмет көрсету бойынша мәмілелер жасау үшін ақпараттық және өзге де мүмкіндіктерді ұсыну жөнінде қызметтер көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға интернет-платформада

работников. СНР для самозанятых распространяется на ограниченный перечень видов деятельности, утверждаемый Правительством РК.

Самозанятые, применяющие данный СНР, самостоятельно уплачивают обязательные пенсионные взносы (ОПВ), обязательные пенсионные взносы работодателя (ОПВР) с полученных ими доходов.

Ставки пенсионных взносов по СНР для самозанятых составляют:

- ОПВ – 1% от дохода,
- ОПВР – 1% от дохода.

С самозанятых, применяющих СНР и **осуществляющих деятельность с использованием интернет-платформ и (или) мобильных приложений платформенной занятости²**, удерживать и перечислять ОПВ и ОПВР будет оператор интернет-платформы³

СНР на основе упрощённой декларации и для крестьянских или фермерских хозяйств

Ставки пенсионных взносов для указанных СНР составляют:

- ОПВ - 10% от дохода,
- ОПВР - 3,5% от дохода в 2026 году с последующим ежегодным повышением до 5% в 2028 году.

² в соответствии со ст. 102-1 Социального кодекса РК

³ оператор интернет-платформы (оператор) – индивидуальный предприниматель или юридическое лицо, оказывающие с использованием интернет-платформы услуги по предоставлению технических, организационных (в том числе услуг с привлечением третьих лиц для оказания работ или услуг), информационных и иных возможностей с применением информационных технологий и систем для установления контактов и заключения сделок по оказанию услуг и выполнению работ между исполнителями и заказчиками, зарегистрированными на интернет-платформе (ст. 102 Социального кодекса РК)

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР

Қазақстан аумағында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқықтары берілген (қайталама жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері бар шаруа немесе фермер қожалықтары ШФҚ үшін АСР қолдануға құқылы.

Шаруа қожалығының қызметі АСР-ды қолдану шарттарына сәйкес келмейтін жағдайларды қоспағанда, шаруа қожалығы үшін таңдалған АСР-ды күнтізбелік жыл ішінде өзгертуге рұқсат жоқ.

ШФҚ үшін АСР зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі:

- МЗЖ – табыстың 10%
- ЖМЗЖ – 2026 жылы табыстың 3,5%, содан кейін жыл сайын өсіп, 2028 жылы 5% - ға дейін көтеріледі.

АСР шеңберінде МЗЖ, ЖМЗЖ төлеу табыс алынған айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының мөлшері артты

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшерлемесі қызметкер табысынан 3,5% дейін ұлғайтылды (ЖМЗЖ мөлшері жыл сайын кезең-кезеңмен өсуде - 2024 жылы – 1,5%, 2025 жылы – 2,5%, 2026 жылы – 3,5%, 2027 жылы – 4,5%, 2028 жылы – 5%).

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық жұмыс берушілер зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға қатыса бастады. Олар БЖЗҚ-ға 1975 жылы және одан кейін туған барлық жұмыскерлерінің пайдасына жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) аудара бастады. Осылайша, Қазақстанның жинақтаушы

Уплата ОПВ, ОПВР в рамках СНР всех видов осуществляется не позднее 25 числа месяца, следующего за месяцем получения дохода.

Повышен размер обязательного пенсионного взноса работодателя

С 1 января 2026 года ставка обязательного пенсионного взноса работодателя (ОПВР) увеличилась до 3,5% от дохода работника (ежегодно размер ОПВР поэтапно растет - 1,5% в 2024 году, 2,5% в 2025 году, 3,5% в 2026 году, 4,5% в 2027 году и в 2028 году составит 5%).

Напомним, что с 1 января 2024 года все работодатели стали участвовать в формировании пенсионных накоплений и перечислять в ЕНПФ обязательные пенсионные взносы работодателей (ОПВР) в пользу своих работников, которые родились, начиная с 1975 года. Тем самым, накопительная система Казахстана была дополнена новым компонентом. Согласно Социальному кодексу, в отличие от 10% обязательных пенсионных взносов (ОПВ), уплачиваемых работниками из своих доходов, ОПВР перечисляются за счет собственных средств работодателя. Ежегодно размер ОПВР будет поэтапно расти (1,5% в 2024 году, 2,5% в 2025 году, 3,5% в 2026 году, 4,5% в 2027 году) и в 2028 году составит 5%.

Пенсионные выплаты из ЕНПФ выросли на 5 процентов

С 1 января 2025 года, согласно ежегодному повышению социальных параметров и индексации выплат, продолжилось увеличение размеров пенсионных выплат из ЕНПФ тем, кто уже получает свою накопительную пенсию. Они увеличились на 5 процентов.

жүйесі жаңа құрамдас бөлікпен толықтырылды. Әлеуметтік кодекске сәйкес, қызметкерлер өз кірістерінен төлейтін 10% міндетті зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) айырмашылығы – ЖМЗЖ жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен аударылады.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері 5 пайызға өседі

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік өлшемдердің жыл сайын арттырылуы мен төлемдердің индекстелуіне сәйкес, БЖЗҚ-дан жинақтаушы зейнетақысын алып жүрген азаматтардың зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайту жалғасын тауып, 5 пайызға өсті.

Өздеріңіз білетіндей, әрбір салымшының жинақтаушы зейнетақысы оның зейнетақы жарналары мен оларға түскен инвестициялық кіріс есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты. Салымшы зейнеткерлік жасқа толған немесе Әлеуметтік кодексте көзделген өзге де жағдайларға сәйкес БЖЗҚ-дан тұрақты төлемдер ала бастайды.

1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару жүйесі өзгерді

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) қызметінің тиімділігін кірістілік пен тәуекел деңгейіне қарай объективті бағалауды қамтамасыз ету мақсатында Кі композиттік индекстері негізіндегі бағалау жүйесі енгізілді.

Композиттік индекс — ұлттық және әлемдік қор нарықтарының индекстерін қамтитын бенчмарк түрі. Ол жаһандық экономикалық үрдістерді, сондай-ақ капитал нарықтарындағы ахуалды ескере отырып, ИПБ жұмысының нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Осы индекстердің динамикасын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері (ЗА) портфелінің табыс-

Как известно, накопительная пенсия каждого вкладчика зависит от суммы его пенсионных накоплений, сформированных за счет пенсионных взносов и накопленного инвестиционного дохода. При достижении пенсионного возраста или иных условий, предусмотренных Социальным кодексом, вкладчик начинает получать регулярные выплаты из ЕНПФ.

С 1 января изменилась система управления пенсионными активами

С 1 января 2026 года для обеспечения объективной оценки эффективности деятельности управляющих инвестиционным портфелем (УИП) в зависимости от уровня доходности и риска внедрена система оценки на основе композитных индексов Кі.

Композитный индекс представляет собой вид бенчмарка, включающего индексы национального и мировых фондовых рынков, что обеспечивает объективную оценку результатов работы УИП с учетом глобальных экономических тенденций, а также ситуаций на рынках капиталов. Сравнение динамики этих индексов с доходностью портфеля пенсионных активов (ПА), находящегося в доверительном управлении УИП, даст возможность судить, насколько управляющая компания следует рыночной конъюнктуре - опережает или отстаёт. Бенчмарк является эталонным показателем или ориентиром, который используется для сравнения эффективности и оценки результатов работы частных управляющих.

Наряду с этим для управляющих компаний предусмотрена возможность предлагать инвестиционные стратегии, различающиеся по уровню риска, доходности и сроку инвестирования.

тылығымен салыстыру арқылы басқарушы компанияның нарықтық конъюнктураға қаншалықты сәйкес әрекет ететінін — нарықтан оза ма, әлде кейін қала ма — анықтауға болады. Бенчмарк жеке басқарушы компаниялардың қызмет нәтижелерін салыстыру және тиімділігін бағалау үшін қолданылатын эталондық көрсеткіш немесе бағдар болып табылады.

Сонымен қатар басқарушы компаниялар үшін тәуекел мен табыстылық деңгейі, инвестициялау мерзімі бойынша бір-бірінен ерекшеленетін инвестициялық стратегияларды ұсыну мүмкіндігі қарастырылған.

Бұл салымшыларға өзіне қолайлы инвестициялық профильді өз қалауы мен игере алатын тәуекел деңгейін ескере отырып, дербес таңдауға, сондай-ақ зейнетақы активтерін әртүрлі инвестициялық стратегиялары бар түрлі басқарушылардың басқаруына беру арқылы оларды әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялауға қолжетімді қаржы құралдарының тізбесі кеңейтіліп, әрбір инвестициялық стратегияның ерекшеліктерін ескере отырып, тиісті инвестициялау лимиттері белгіленді. Бұл басқарушы компанияларға портфельді әртараптандыру және инвестициялық тәуекелдерді төмендету мүмкіндіктерін ауқымды ете түсті.

Басқарушы компаниялар үшін зейнетақы активтерін Ұлттық банктің басқаруына ерікті негізде қайтару мүмкіндігі де көзделген.

Қабылданған шаралар зейнетақы активтерінің ұзақмерзімді табыстылығының артуына, басқарудағы ашықтық пен икемділіктің күшеюіне, сондай-ақ жеке басқарушылар арасында бәсекелестік ортаның қалыптасуына жағдай туғызады деп күтілуде. Нәтижесінде зейнетақы активтерін анағұрлым тиімді инвестициялауға ықпал етуі тиіс.

Это позволит вкладчикам самостоятельно выбирать подходящий профиль инвестирования, ориентируясь на личные предпочтения и уровень допустимого риска, а также диверсифицировать свои пенсионные активы, передавая их в управление разным управляющим с разными инвестиционными стратегиями.

Также расширен перечень финансовых инструментов, доступных для инвестирования пенсионных активов, и установлены соответствующие лимиты инвестирования с учётом особенностей каждой инвестиционной стратегии. Это предоставляет управляющим компаниям больше возможностей для диверсификации портфеля и снижения инвестиционных рисков.

Дополнительно предусмотрена возможность для управляющей компании добровольно вернуть пенсионные активы в управление Национального банка.

Ожидается, что принятые меры приведут к росту долгосрочной доходности пенсионных активов, повышению прозрачности и гибкости в управлении, а также созданию конкурентной среды среди частных управляющих, что в конечном счёте будет способствовать более эффективному инвестированию пенсионных активов.



Смотреть: ЕНПФ запустил единую интернет-платформу invest.enpf.kz



Көріңіз: БЖЗК invest.enpf.kz бірыңғай интернет-платформасын іске қосты



«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: ҚАРАЖАТТЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ, КЕЗЕКТІ АУДАРЫМДАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

«НАЦФОНД – ДЕТЯМ»: ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ, ОЧЕРЕДНЫЕ НАЧИСЛЕНИЯ И РЕЗУЛЬТАТЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап еліміздегі ең маңызды әлеуметтік жобалардың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске асырылып келеді. Бағдарлама болашақ ұрпақ үшін жинақ қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Жыл сайынғы аударымдар мен инвестициялықтабыстың есебінен қаражат көлемі біртіндеп ұлғайып, әрбір бала үшін бастапқы капитал қалыптастырылады.

По поручению Главы государства с 1 января 2024 года реализуется один из важнейших социальных проектов страны «Нацфонд - детям». Программа является частью долгосрочной стратегии государства, направленной на формирование накоплений для будущих поколений. За счет регулярных начислений и инвестиционного дохода объем средств постепенно увеличивается, формируя для каждого ребенка стартовый капитал.

Жинақ қалай қалыптасады?

Жыл сайын бағдарламаның кәмелетке толмаған қатысушыларының БЖЗҚ-дағы шоттарына Ұлттық қордан нысаналы талаптар түрінде қаражат есептеледі. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына сәйкес есепті жылдан алдыңғы 18 жылдағы Ұлттық қордың орташа инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін, 2006 жылы және одан кейін туған балалар арасында, олар 18 жасқа толғанға дейін тең бөлінеді.

Бағдарламаға қатысушылардың саны туралы ақпарат «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорының (ЖТ МДҚ) деректері негізінде алдыңғы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қалыптастырылады.

Нысаналы талаптар Ұлттық қордың құрамында қалып, әрі қарай инвестициялануын жалғастырады. Соның нәтижесінде бағдарламаны іске асырудың екінші жылынан бастап балаларға қосымша инвестициялық кіріс есептеледі.

Азамат 18 жасқа толған жылы оның нысаналы талаптары нысаналы жинақтар (НЖ) мәртебесін алады. Бұл қаражат АҚШ долларындағы ақшалай баламада БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотына (НЖШ) аударылады. Кәмелетке толғаннан кейін алушы бұл қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе білім алу ақысын төлеуге пайдалана алады.

Балаларды есепке алудың дұрыстығы мен толықтығы

Бағдарламаға қатысатын балалардың толық тізімін қалыптастыру кезінде БЖЗҚ цифрлық жүйелердің интеграциясы арқылы ЖТ МДҚ-дан алынған:

- Қазақстан Республикасының азаматығын туғаннан алған балалар туралы;

Как формируются накопления?

Ежегодно на счета несовершеннолетних участников программы в ЕНПФ начисляются средства из Нацфонда в виде целевых требований. Согласно программе «Нацфонд - детям» 50% инвестиционного дохода Нацфонда (усредненного за 18 лет, предшествующих отчетному году) раз в год распределяется между детьми-гражданами Казахстана, которые родились в 2006 году и позднее, до достижения ими 18 лет.

Информация о количестве участников формируется на основе данных Государственной базы данных «Физические лица» (ГБД ФЛ) по состоянию на 31 декабря предыдущего года.

Целевые требования остаются в составе Нацфонда и продолжают инвестироваться, вследствие чего со второго года реализации программы детям начисляется дополнительный инвестиционный доход.

В год, когда гражданину исполняется 18 лет, его целевые требования обретают статус целевых накоплений (ЦН). Эти средства в денежном эквиваленте в долларах США зачисляются на целевой накопительный счёт (ЦНС) в ЕНПФ. После достижения совершеннолетия получатель может использовать накопленные средства для улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования.

Корректность и полнота учета детей

При формировании полного списка детей - участников программы, ЕНПФ учитывает следующие сведения, полученные из ГБД ФЛ посредством интеграции цифровых систем:

- о детях - гражданах РК по рождению;

- ҚР азаматтығын туғаннан кейін қабылдаған балалар туралы және азаматтық алған күні туралы;
- ҚР азаматтығынан шыққан немесе айырылған балалар туралы;
- қайтыс болған балалар туралы (қайтыс болған күні немесе соттың қайтыс болды деп жариялаған шешімі заңды күшіне енген күні көрсетіледі);
- ЖТ МДҚ-дағы балаларға қатысты өзге де деректердің жаңартылуы туралы мәліметтерді ескереді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша қатысушылар санын анықтау кезінде бұрын тізімге кірмей қалған балалар да есепке алынды. Мұндай жағдайлар көбінесе ЖТ МДҚ-дә мәліметтердің болмауы немесе қате болуы себепті туындаған. Оларға өткізіп алған барлық кезең үшін қаражат толық көлемде, соның ішінде инвестициялық табыспен бірге есептелді.

2026 жылғы есептеулер

2025 жылдың қорытындысы бойынша 6 918 656 қазақстандық бала кезекті аударымды алды. Бір балаға есептелген сома 130,71 АҚШ долларын құрады. 2024 жыл үшін – әр балаға 129,38 АҚШ доллары, 2023 жыл үшін – 100,52 АҚШ доллары есептелді.

Бағдарламаға бірнеше жыл қатарынан қатысқан балалар бұрын есептелген қаражаттың инвестициялануы нәтижесінде қосымша табыс алады. Бағдарламаға 3 жыл қатысқан балаларға – өткен екі жыл үшін 9,95 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. 2 жыл қатысқан балаларға – 3,84 АҚШ доллары есептелді. Нәтижесінде бір балаға шаққандағы жинақтардың жалпы көлемі:

- **370,56 АҚШ доллары** – бағдарламаға үшінші жыл қатысатын балалар үшін;
- **263,93 АҚШ доллары** – екінші жыл қатысатын балалар үшін;

- о детях, принявших гражданство РК после рождения, с указанием даты приобретения гражданства РК;
- о детях, утративших или вышедших из гражданства РК;
- об умерших детях с указанием даты смерти либо даты вступления в законную силу решения суда об объявлении умершим;
- об актуализации иных сведений о детях, содержащихся в ГБД ФЛ.

При определении количества участников программы по итогам 2025 года также учтены дети, которые ранее не вошли в список, в том числе из-за отсутствия либо некорректности сведений о них в ГБД ФЛ. Им начислены все суммы за пропущенный период в полном объеме, включая инвестиционный доход.

Начисления в 2026 году

По итогам 2025 года очередное начисление получили 6 918 656 казахстанских детей. Его размер составил 130,71 доллара США на одного ребенка. За 2024 год каждому юному казахстанцу начислено по 129,38 долларов США, за 2023 год - по 100,52 долларов США.

При этом дети, участвующие в программе несколько лет, получают дополнительный доход за счет инвестирования ранее начисленных средств. Тем, кто участвует в программе уже 3 года, начислен инвестиционный доход за прошедшие два года в размере 9,95 долларов США, тем, кто участвует в программе 2 года - 3,84 долларов США. В результате совокупный объем накоплений на одного ребенка, включая инвестиционный доход, составил:

- **370,56 доллара США** - для детей, участвующих в программе третий год;
- **263,93 доллара США** - для детей, участвующих в программе второй год;
- **130,71 доллара США** - для детей,

- **130,71 АҚШ доллары** – 2025 жылы бағдарламаға алғаш рет қосылған балалар үшін.

Бағдарлама іске қосылғаннан бері барлық балаларға Ұлттық қордан есептелген қаражаттың жалпы көлемі шамамен 2,5 млрд АҚШ долларын құрады.

Ақпаратқа қол жеткізу

18 жасқа толмаған балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты баланың ЖСН-ы бойынша kids.enpf.kz сайтында, eGov mobile мобильді қосымшасында, сондай-ақ кейбір екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларында тексере алады.

Кәмелетке толған қатысушылар өз қаражаты туралы ақпаратты enpf.kz сайты, БЖЗҚ және eGov mobile мобильді қосымшалары арқылы алады.

Қаражатты қалай пайдалануға болады?

2026 жылы 356 613 қазақстандық азамат 18 жасқа толады, сондықтан олар өз жинақтарын пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

18 жасқа толғаннан кейін бағдарлама қатысушылары жинақталған қаражаттың болашағын өз бетінше анықтай алады:

- тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағыттау;
- білім алу ақысын төлеу;
- зейнетақы жинағы ретінде сақтап қалу.

Кәмелетке толған азаматтар өздерінің нысаналы жинақтары туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның интернет-ресурсындағы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы ала алады. Жинақтарды пайдалану

присоединившихся к программе в 2025 году.

С начала действия программы итоговая сумма начислений всем детям из Нацфонда составила порядка 2,5 млрд долларов США.

Доступ к информации

Информацию об участии в программе ребенка, не достигшего возраста 18 лет, его родители и иные законные представители могут проверить по ИИН ребенка на сайте kids.enpf.kz, в мобильном приложении eGov mobile, а также в приложениях некоторых банков второго уровня.

Участники программы, достигшие совершеннолетия, проверяют информацию самостоятельно в своем личном кабинете на сайте enpf.kz, в мобильном приложении ЕНПФ, в мобильном приложении eGov mobile.

Как можно воспользоваться средствами?

В 2026 году 356 613 гражданам Казахстана исполняется 18 лет, и они смогут воспользоваться своими накоплениями.

С даты достижения 18-летнего возраста участники программы вправе самостоятельно принимать решение о дальнейшей судьбе накопленных средств:

- направить их на улучшение жилищных условий;
- использовать для оплаты образования;
- сохранить в качестве пенсионных сбережений.

Совершеннолетние граждане должны самостоятельно получать информацию о своих ЦН посредством их личного кабинета на интернет-ресурсах ЕНПФ либо электронного правительства. Решив

туралы шешім қабылдаған жағдайда жастар уәкілетті оператор-банкке жүгініп, АҚШ долларындағы банктік шот ашып, онлайн өтініш беруі тиіс. Қазіргі уақытта өтінішті келесі уәкілетті банктердің интернет-ресурстары немесе мобильді қосымшалары арқылы беруге болады:

- «Отбасы банк» АҚ – тұрғын үй жағдайын жақсарту және білім алу;
- «Қазақстан Халық банкі» АҚ – білім алу;
- «Банк ЦентрКредит» АҚ – білім алу.

Нысаналы жинақ алушы қаражатты толық немесе ішінара пайдалана алады. Пайдаланылмаған қалдық нысаналы жинақтау шотында сақталады.

Егер қаражат пайдаланылмаса, бағдарлама қатысушысы 18 жасқа толғаннан кейінгі тағы 10 жыл көлемінде бұл қаражат БЖЗҚ-да сақталып, одан соң ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылады.

2026 жылғы 1 наурыздағы төлемдер статистикасы

2024 жылғы 1 ақпаннан бастап 2026 жылғы 1 наурызға дейін 41,84 млн АҚШ долларынан астам сомаға 252 842 өтініш орындалды. Бұл қаражат уәкілетті операторларға аударылып, кейін өтініш берушілердің банктік шоттарына түсті.

Соның ішінде:

- **158 774 өтініш** – шамамен **26,35 млн АҚШ доллары**, тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында;
- **94 068 өтініш** – **15,49 млн АҚШ доллары**, білім алу ақысын төлеу мақсатында жұмсалды.

воспользоваться своими накоплениями, молодые люди должны обратиться в банк - уполномоченный оператор для открытия банковского счета в долларах США и подачи онлайн-заявления на выплату. Сейчас подать заявление можно на интернет-ресурсе или в мобильном приложении одного из следующих банков - уполномоченных операторов:

- АО «Отбасы банк» (в целях улучшения жилищных условий и оплаты образования);
- АО «Народный банк Казахстана»;
- АО «Банк ЦентрКредит» (в целях оплаты образования).

Получатель ЦН может использовать всю сумму полностью или частично, при этом неиспользованный остаток сохраняется на ЦНС.

Если средства не были использованы, то по истечении 10 лет после достижения участником программы 18-летнего возраста они остаются в ЕНПФ и переводятся с ЦНС на его индивидуальный пенсионный счет, открытый для учета добровольных пенсионных взносов.

Статистика по выплатам на 1 марта 2026 года

С 1 февраля 2024 года по состоянию на 1 марта 2026 года исполнено 252 842 заявления на сумму более 41,84 млн долларов США, которая была переведена уполномоченным операторам для последующего зачисления на банковские счета заявителей.

Из них:

- **158 774 заявления** на сумму порядка **26,35 млн долларов США** были исполнены в целях улучшения жилищных условий;
- **94 068 заявлений** на сумму **15,49 млн долларов США** - в целях оплаты образования.

Кәмелетке толмаған қатысушылар, нысаналы талаптар, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үй мен білім алуға пайдалану туралы толық статистиканы enpf.kz сайтынан көруге болады.

Бағдарлама шарттары, нұсқаулықтар және жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар kids.enpf.kz сайтында қолжетімді.

Сонымен қатар тақырып бойынша бейнетүсіндірмелер мен нұсқаулықтарды БЖЗҚ-ның YouTube арнасынан көруге болады.

Со статистикой по несовершеннолетним детям - участникам целевых требований и совершеннолетним получателям целевых накоплений, а также по использованию целевых накоплений на жилье и (или) образование можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

Изучить условия программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enpf.kz.

Также можно ознакомиться с видеоконментариями и инструкциями по теме на YouTube-канале БЖЗ ҚЕНПФ:



Көріңіз: «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ж.Б. Құрмановтың бейнетүсіндірмесі



Смотреть: видеоконментарий Председателя АО «ЕНПФ» Ж.Б. Курманова



Көріңіз: «БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры М.Т. Шаріповтың бейнетүсіндірмесі



Смотреть: видеоконментарий управляющего директора АО «ЕНПФ» М.Т. Шарипова



Көріңіз: «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша «Сұрақ-жауап» бейнетүсіндірмесі



Смотреть: видеоконментарий «Вопрос-ответ» по программе «Нацфонд – детям»



Көріңіз: «Ұлттық қор – балаларға» сайты бойынша нұсқаулық



Смотреть: инструкция по сайту «Нацфонд - детям»



Көріңіз: «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша нұсқаулық



Смотреть: инструкция об осуществлении программы «Национальный Фонд детям»

ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ФОНД - ДЕТЯМ

ЕҢ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР

1. Баламның «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатысушы екенін қалай тексеруге болады?

БЖЗҚ-ның kids.enpf.kz сайтындағы «Қатысушыны іздеу» бөлімінде баланың ЖСН-ін енгізіп, «Тексеру» батырмасын басыңыз. Нәтижесінде баланың қай есепті жылдан бастап бағдарламаға қатысушы екені және жинақталған мақсатты талаптардың жалпы сомасы көрсетіледі.

САМЫЕ ПОПУЛЯРНЫЕ ВОПРОСЫ

1. Как проверить, что ребенок стал участником программы «Национальный фонд – детям»?

Для проверки необходимо зайти на сайт kids.enpf.kz и в разделе «Поиск участника» ввести ИИН ребенка. Затем нажать кнопку «Проверить». Далее Вы получите информацию с указанием года, начиная с которого Ваш ребенок стал участником программы, а также узнаете общую сумму его накопленных целевых требований.

2. Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтардың айырмашылығы неде?

Нысаналы талаптар – Үкіметтің Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтары алдындағы міндеттемелері. Олар Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50%-ы есебінен жыл сайын қалыптастырылады. Нысаналы талаптардың есебі БЖЗҚ-да жүргізіледі, бірақ активтер Ұлттық қор активтерінің құрамында қалып, инвестициялануын одан әрі жалғастырады және оларға жыл сайын қосымша инвестициялық кіріс есептеледі.

Нысаналы жинақтар – Қазақстан Республикасының нысаналы жинақ алуға құқығы бар 18 жасқа толған алушы-азаматының нысаналы жинақтау шотында жинақталған нақты ақша.

Бала 18 жасқа толғанда оның нысаналы талаптары нысаналы жинаққа айналады. Олар бағдарламаның әрбір қатысушысының БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотында АҚШ долларымен есептеледі және сақталады.

3. Нысаналы жинақтар Ұлттық қордан БЖЗҚ-ға түскеннен кейін инвестициялана ма?

БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына есептелген нысаналы жинақтар қаржы құралдарына инвестицияланбайды. Олар АҚШ долларында сақталады және нысаналы жинақ алушылар немесе олардың мұрагерлері пайдалана алады.

4. Бір отбасының балалары нысаналы жинақтарын тұрғын үйге және емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдері сияқты бір-біріне бере ала ма?

2. Чем отличаются целевые требования от целевых накоплений?

Целевые требования – это обязательства Правительства перед детьми - гражданами Казахстана, не достигшими 18 лет. Целевые требования формируются ежегодно за счет 50% инвестиционного дохода Нацфонда. Целевые требования начисляются и учитываются на счетах в ЕНПФ, но сами активы продолжают инвестироваться в составе активов Нацфонда и на них ежегодно дополнительно начисляется инвестиционный доход.

Целевые накопления – это ранее накопленные суммы целевых требований, которые в виде денег зачислены на целевые накопительные счета получателей-граждан Казахстана в год достижения ими 18-летия.

Таким образом, по достижении 18 лет целевые требования становятся целевыми накоплениями. Начисляются и хранятся они у каждого участника программы на его целевом накопительном счете в ЕНПФ в долларах США.

3. После перечисления целевых накоплений из Нацфонда в ЕНПФ будет ли на них начисляться инвестиционный доход?

Целевые накопления, зачисленные на целевые накопительные счета в ЕНПФ, не инвестируются в финансовые инструменты. Они хранятся в долларах США и доступны для использования получателями целевых накоплений или их наследниками.

4. Могут ли дети из одной семьи передавать друг другу свои целевые накопления на примере уступки единовременных пенсионных выплат на жилье и лечение?

Қолданыстағы заңнамада тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім алуға ақы төлеу мақсатындағы нысаналы жинақ төлемдерін жақын туыстарының пайдасына беру көзделмеген.

5. Менің балама БЖЗҚ-да шот ашылды және оның нысаналы жинақтары да аударылды. Бұл қаражатты кім пайдалана алады?

Сіздің балаңыз 18 жасқа толғаннан кейін нысаналы жинақтарын екі мақсатқа – тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) білім беру ақысын төлеуге өз бетінше пайдалану құқығына ие болады. Ол үшін балаңызға Уәкілетті операторларға өтініш беру қажет.

Бүгінгі күні уәкілетті оператор-банк ретінде:

- **“Отбасы банк” АҚ** (тұрғын үй және білім алу),
- **“Халық банкі” АҚ** (білім алу),
- **“Банк ЦентрКредит” АҚ** (білім алу) тіркелген.

6. Ата-аналар жинақтарды тексере ала ма?

Кәмелетке толмаған баланың ата-аналары немесе заңды өкілдері өз баласына Бағдарлама аясында жасалған есептеулерді kids.enpf.kz сайтында, EGOV mobile мобильді қосымшасында, сондай-ақ кейбір банктердің қосымшаларында көре алады. Бала он сегіз жасқа толғанда “БЖЗҚ” АҚ-да оған нысаналы жинақтау шоты ашылады, оған тек нысаналы жинақтарды алушының (кәмелетке толған баланың) өзі ғана қол жеткізе алады.

7. Балаға БЖЗҚ-да шот ашылып, оның нысаналы жинақтары есептеліп қойды. Алайда, 18 жасқа толғанға дейін бір ай бұрын бала азаматтығын өзгертті. Оның нысаналы жинақтарымен не болады?

Уступка выплат целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий или оплаты образования в пользу близких родственников не предусмотрена действующим законодательством.

5. На моего ребенка уже открыт счет в ЕНПФ и перечислены его целевые накопления. Кто может ими воспользоваться?

После достижения 18 лет Ваш ребенок получит право самостоятельно использовать накопления на две цели – на улучшение жилищных условий или оплаты образования. Для этого ему необходимо подать заявление Уполномоченным операторам.

На сегодняшний день Уполномоченными операторами являются:

- **АО «Отбасы банк»** (по жилью и образованию),
- **АО «Народный банк»** (по образованию),
- **АО «Банк ЦентрКредит»** (по образованию).

6. Предоставлена ли возможность проверять накопления родителям

Родители или законные представители несовершеннолетнего могут просматривать начисления на своего ребенка на сайте kids.enpf.kz, в мобильном приложении eGov mobile и в приложениях некоторых банков. Когда ребенку исполнится 18 лет, в ЕНПФ ему будет открыт целевой накопительный счет, доступ к которому будет только у него самого, как у получателя целевых накоплений.

7. Ребенку открыли счет в ЕНПФ и перечислили его целевые накопления. Однако за месяц до достижения им 18 лет он сменил гражданство. Что будет с его целевыми накоплениями?

Қазақстан Республикасының азаматтығы он сегіз жасқа толғанға дейін немесе одан кейін тоқтатылған кезде нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы нысаналы жинақтар төлемін алу құқығынан айырылады. Бұл ретте оның нысаналы талаптары мен нысаналы жинақтары белгіленген тәртіп бойынша пен басқа қатысушылар арасында бөлінетін болады, ал оның нысаналы жинақтау шоты жабылады.

8. Нысаналы талаптарға қатысушы-нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған жағдайда мұраға қалған нысаналы жинақтарды алу үшін мұрагерге қандай құжаттар талап етіледі және оларды қайда ұсыну қажет?

“Ұлттық қор – балаларға” бағдарламасына қатысушы қайтыс болған жағдайда оның нысаналы талаптары немесе нысаналы жинақтары азаматтық заңнамаға сәйкес мұраға беріледі. Оларды алу үшін мұрагерлер БЖЗҚ-ға жүгінуге қажет. Қаражат қайтыс болған адамдардың нысаналы жинақтарын нысаналы жинақтау шотына есептегеннен кейін ғана қолжетімді болады. Төлемдерді алу үшін мұрагерлер уәкілетті оператор-банкте АҚШ долларымен банктік шот ашады.

Мұрагерлер қаражатты кез-келген мақсатта пайдалана алады, яғни оларды мақсатты пайдалану туралы міндетті талап жойылады.

Нысаналы жинақтары бар адамның қайтыс болуына байланысты төлемдерді ресімдеуге қажетті құжаттардың өзекті тізбесі БЖЗҚ сайтында орналастырылған.

9. Нысаналы жинақтарды бөліп-бөліп пайдалануға бола ма?

При прекращении гражданства Республики Казахстан до или после достижения 18 лет участник целевых требований или получатель целевых накоплений утрачивает право на получение выплаты своих целевых накоплений. При этом его целевые требования и целевые накопления будут распределены между другими участниками в установленном порядке, а его целевой накопительный счет закрывается.

8. В случае смерти участника целевых требований, получателя целевых накоплений какие документы и куда их нужно предоставить наследнику для получения унаследованных целевых накоплений?

В случае смерти участника программы «Национальный фонд – детям» его целевые требования или целевые накопления наследуются согласно гражданскому законодательству. Для их получения наследникам необходимо обратиться в ЕНПФ. Средства доступны только после зачисления целевых накоплений умерших лиц на целевой накопительный счет. Для получения выплат наследники открывают банковский счет в долларах США в банке-уполномоченном операторе.

Наследники могут использовать средства на любые цели, то есть отменяется обязательное требование по их целевому использованию.

Актуальный перечень необходимых документов для оформления выплат в связи со смертью лица, имеющего целевые накопления, размещен на сайте ЕНПФ.

9. Можно ли использовать целевые накопления не полностью, а по частям?

Нысаналы жинақтарды алушы он сегіз жасқа толған және Қазақстан Республикасының азаматтығы болған жағдайда, нысаналы жинақтау шотындағы нысаналы жинақты қолда бар нысаналы жинақтар шегінде шектеусіз рет пайдалануға болады.

10. Егер бала ҚР азаматы емес деген ақпарат шықса, не істеу керек?

Егер ЖСН-ы көрсетілген бала “Жеке тұлғалар” мемлекеттік дерекқорынан (ЖТМДҚ) алынған мәліметтерге сәйкес ҚР азаматы болмаса, сәйкесінше, ол «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына қатыса аламайды және нысаналы талаптары да болмайды.

ЖТМДҚ-дағы мәліметтерді өзектендіру қажет болған жағдайда, тұрғылықты жері бойынша көші-қон қызметіне жүгінуге кеңес береміз.

ЖТМДҚ-ға тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін, БЖЗҚ осы жеке тұлғаны өткізіп алған кезеңді ескере отырып, нысаналы талаптарға қатысушы балалардың және (немесе) нысаналы жинақтарды алушылардың тізіміне енгізеді.

11. Жинақтау қандай валютада жүргізіледі және кейіннен нысаналы жинақтарды алушыға аудару қай валютада жүзеге асырылады?

ҚР заңнамасына сәйкес нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу БЖЗҚ-да АҚШ долларымен жүргізіледі. Төлеген кезде нысаналы жинақтар нысаналы жинақтарды алушылардың уәкілетті оператор - банктерде АҚШ долларымен ашатын банктік шоттарына есептеліп, аударылады.

Целевыми накоплениями на целевом накопительном счете можно воспользоваться неограниченное количество раз в пределах имеющихся целевых накоплений согласно целевому назначению, при условии достижения получателем 18-летнего возраста и наличия гражданства Казахстана.

10. Что делать, если выходит информация, что ребенок не является гражданином РК?

Если ребенок с указанным ИИН, согласно сведениям из Государственной базы данных «Физические лица», не является гражданином РК, следовательно, он не является участником программы «Нацфонд – детям» и не может иметь целевых требований.

Для актуализации сведений в Государственной базе данных «Физические лица» рекомендуем обратиться в миграционную службу по месту проживания.

После внесения соответствующих корректировок ЕНПФ включит ребенка в список детей - участников целевых требований или получателей целевых накоплений с учетом пропущенного периода.

11. В какой валюте будет производиться накопление и последующее перечисление целевых накоплений получателю целевых накоплений?

Согласно законодательству РК, учет целевых требований и целевых накоплений ведется в ЕНПФ в долларах США. При выплате целевые накопления переводятся и зачисляются на банковские счета получателей целевых накоплений, открываемые ими в банках - уполномоченных операторов в долларах США.

12. Ұлттық қордан төлемдер алу үшін қандай банктерде банктік шот ашуға болады? “Ұлттық қор – балаларға” жобасына қатысатын банктерге қойылатын қандай да бір алғышарттар, талаптар бар ма?

Заңнамада екінші деңгейдегі банктер бойынша ешқандай шектеулер белгіленбеген, яғни БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасасқан Қазақстанның екінші деңгейдегі кез келген Банкі Бағдарламаға қатыса алады.

Бүгінгі күні уәкілетті оператор-банк ретінде:

- **“Отбасы банк” АҚ** (тұрғын үй және білім алу),
- **“Халық банкі” АҚ** (білім алу),
- **“Банк ЦентрКредит” АҚ** (білім алу) тіркелген.

13. Тарихи отанымыз – Қазақстанға көшіп келдік, “қандас” мәртебесіне ие болдық. Біздің баламыз “Ұлттық қор-балаларға” жобасына қатыса ала ма?

Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған барлық азаматы жобаға қатысады. Сіздің балаңыз Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін “Ұлттық қор-балаларға” бағдарламасына қатыса алады.

12. В каких банках можно открывать банковский счет для получения выплат из Нацфонда? Есть ли какие-то критерии, требования к банкам при участии в проекте Нацфонд-детям?

Законодательство не устанавливает никаких ограничений по банкам второго уровня, а значит принять участие в программе может любой банк второго уровня Казахстана, заключивший с ЕНПФ соответствующее соглашение. На сегодняшний день банками - уполномоченными операторами являются:

- **«Отбасы банк»** - по жилью и образованию,
- **«Народный банк»** - по образованию,
- **«Банк «ЦентрКредит»** - по образованию.

13. Переехали на историческую родину в Казахстан, имеем статус «кандас», может ли наш ребенок участвовать в проекте «Нацфонд-детям»?

Участником целевых требований является гражданин Республики Казахстан, не достигший 18 лет. После получения гражданства РК, Ваш ребенок сможет принять участие в проекте «Нацфонд-детям».



ЗЕЙНЕТАҚЫ КАПИТАЛЫ: ИПБ ҚАТЫСУЫМЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ПЕНСИОННЫЙ КАПИТАЛ: ИНВЕСТИЦИОННОЕ УПРАВЛЕНИЕ С УЧАСТИЕМ УИП

«БЖЗҚ» АҚ инвестициялық портфельді талдау басқармасының бастығы Ләззат Әмірғалиевамен қазақстандықтардың инвестициялық мүмкіндіктері мен зейнетақы капиталын басқарудың жаңа перспективалары туралы сұхбат

Қазақстандықтар зейнетақы жинақтарын жай ғана жинақ емес, басқаруға болатын жеке капитал ретінде қарастыра бастады. Салымшылардың өз болашағы үшін жауапкершілігі мен оны қалыптастыру және көбейту мүмкіндіктері туралы түсінігі нығайып келеді.

Әлемдік нарықтардағы құбылмалылық, кірістілік пен портфельді әртараптандыру төңірегіндегі пікірталастар, сондай-ақ

Интервью с начальником управления анализа инвестиционного портфеля АО «ЕНПФ» Әмірғалиевой Ляззат об инвестиционных возможностях казахстанцев и новых перспективах управления пенсионным капиталом

Пенсионные накопления всё больше рассматриваются казахстанцами как личный капитал, которым можно управлять. У вкладчиков укрепляется понимание своей ответственности и возможностей в формировании и приумножении будущей пенсии.

На фоне волатильных мировых рынков, дискуссий о доходности и диверсификации портфеля, а также растущего интереса

халықтың инвестицияға деген қызығушылығының артуы аясында зейнетақы капиталын басқару мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Зейнетақы жинақтарының философиясы қалай өзгеріп жатқаны, бүгінгі таңда отандастарымызға қандай мүмкіндіктер ұсынылатыны және зейнетақы болашағын қалыптастыруға салымшының саналы түрде қатысуы нәтижесі туралы «БЖЗҚ» АҚ инвестициялық портфельді талдау басқармасының бастығы Ляззат Әмірғалиева баяндап берді.

– Ляззат ханым, зейнетақы капиталын басқару тақырыбы бүгінде сарапшылар арасында да, БЖЗҚ салымшылары арасында да кеңінен талқыланып жүр. Бүгін біз қазақстандықтардың өз жинақтарын жеке басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндіктерін сөз етеміз. Қолданыстағы тетік нені көздейді? ИПБ дегеніміз не және олардың қызметі қалай бақыланады?

– Бұл қызығушылық – заңды құбылыс. Зейнетақы жүйесі салымшы пассивті рөл атқаратын модельден адамның өзінің ұзақ мерзімді жинақтарын саналы түрде басқаруына негізделген жүйеге ауысып келеді.

2021 жылдан бастап отандастарымызға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жеке инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігі берілді. Ал 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшыларға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының 50%-ына дейін, ал ерікті жарналардың 100%-ына дейін ең төменгі жеткіліктілік шегін есепке алмай аударуға мүмкіндік берілді.

населения к инвестициям вопрос управления пенсионным капиталом приобретает особую актуальность.

О том, как меняется философия пенсионных накоплений, какие возможности сегодня доступны казахстанцам и почему важно осознанное участие вкладчика в формировании пенсионного будущего, рассказала в интервью начальник управления анализа инвестиционного портфеля АО «ЕНПФ» Әмірғалиева Ляззат.

- Ляззат, тема управления пенсионным капиталом активно обсуждается как в экспертной среде, так и среди вкладчиков ЕНПФ. Сегодня мы обсудим возможности казахстанцев передавать свои накопления в доверительное управление частным компаниям. Расскажите пожалуйста, что предусматривает действующий механизм передачи пенсионных средств УИП? Что собой представляют УИП и как государство контролирует их деятельность?

-Интерес вполне закономерен. Пенсионная система трансформируется от модели, где вкладчик играет пассивную роль, к системе, предполагающей осознанное участие человека в управлении собственными долгосрочными пенсионными сбережениями. С 2021 года казахстанцы получили возможность передавать часть пенсионных накоплений под управление частных управляющих инвестиционным портфелем, то есть УИП. А с 1 июля 2023 года вкладчики получили право переводить УИП до 50% обязательных, обязательных профессиональных пенсионных накоплений и до 100% добровольных пенсионных взносов без учета порога минимальной достаточности.

ИПБ – активтерді, соның ішінде БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарының бір бөлігін табыс табу мақсатында сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын лицензияланған қаржы ұйымы.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ИПБ-ларға қатаң талаптар қояды: тиісті лицензияның болуы, активтерді басқарудағы тәжірибесі, соңғы жылдардағы оң қаржылық нәтижелері, жеткілікті меншікті капиталы және т.б. Мұндай ұйымдар уәкілетті органның тізіліміне енгізіледі. Сонымен қатар, олар БЖЗҚ-мен сенімгерлік басқару туралы шарт жасасып, кастодиан-банкпен үшжақты келісімге отыруы тиіс.

Қазіргі уақытта талаптарға сай келетін және лицензиясы бар 5 ИПБ жұмыс істейді: «Alatau City Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «Halyk Finance» АҚ және «Сентрас Секьюритиз» АҚ.

Айта кету керек, «Halyk Global Markets» АҚ 2025 жылғы 30 желтоқсанда 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап шартты тоқтататынын хабарлады. Осыған байланысты 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗҚ бұл компанияға жаңа аударымдарға өтінім қабылдамайды.

Маңыздысы – ИПБ-ға зейнетақы қаражатын аударушының аты-жөні көрсетілмейді, ал жинақтардың есебі бұрынғыдай БЖЗҚ-да жүргізіледі.

– Бұл мүмкіндікті салымшылар қаншалықты белсенді пайдаланып жатыр?

– Қызығушылық біртіндеп артып келеді. 2021 жылдан бері 2026 жылғы 1 ақпанға дейін 117 мыңнан астам өтініш орындалып, 121 млрд теңгеден астам қаражат аударылды.

УИП - это лицензированная финансовая организация, осуществляющая доверительное управление активами, в том числе частью пенсионных накоплений вкладчиков ЕНПФ в целях получения дохода.

Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка, которое является уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, разработаны особые требования к УИП: они обладают лицензией на управление инвестиционным портфелем, успешным опытом работы на рынке и управления активами клиентов, положительными результатами финансово-хозяйственной деятельности по итогам последних нескольких лет, достаточным размером собственного капитала для покрытия убытков, связанных с инвестированием пенсионных активов и т.д. УИП вносятся в реестр уполномоченного органа компаний, допущенных к управлению пенсионными активами. Кроме того, частные управляющие должны заключить с ЕНПФ договор о доверительном управлении пенсионными активами, а также иметь трехсторонний кастодиальный договор с ЕНПФ и банком-кастодианом.

На сегодняшний день 5 УИП обладают лицензиями на управление инвестиционным портфелем и соответствуют утвержденным требованиям для управления пенсионными активами. С данными организациями ЕНПФ заключены договоры. В их числе: АО «Alatau City Invest», АО «BCC Invest», АО «Halyk Global Markets», АО «Halyk Finance» и АО «Сентрас Секьюритиз».

При этом обращаем внимание, что АО «Halyk Global Markets» 30 декабря 2025 года уведомил ЕНПФ о расторжении с 1

Әсіресе міндетті жарналардың 50%-ына дейін аудару мүмкіндігі пайда болғаннан кейін белсенділік артты. Ең белсенді өңірлер – Алматы мен Астана қалалары. Сондай-ақ Ақтөбе және Атырау облыстарының тұрғындары да жоғары белсенділік танытуда.

- Салымшы инвестиция құралдарын таңдауға ықпал ете ала ма?

- Салымшы жеке бағалы қағаздарды таңдауға тікелей қатыспайды, алайда ол басқарушы компанияны және сол арқылы инвестициялау критерийін таңдай алады, оның шеңберінде ИПБ инвестициялық портфельді, яғни зейнетақы активтерін басқарудың инвестициялық стратегиясын қалыптастырады. Зейнетақы активтерін басқарушылардың (Ұлттық Банк және ИПБ) зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша өзіндік стратегиялары бар және инвестициялық декларация шеңберінде инвестициялық портфельдің құрылымын дербес айқындайды. Салымшы қаражатын ИПБ-ға аудару туралы шешім қабылдамас бұрын, онымен БЖЗҚ сайтында алдын ала танысып, ИПБ қандай құралдарға инвестиция салатынын түсіне алады.

Сондай-ақ 2026 жылдан бастап салымшылар азаматтар үшін рұқсат етілген тәуекел деңгейін және зейнеткерлік жасқа жақындау мерзімдері бойынша белгіленген шектеулерді ескере отырып, белгілі бір ИПБ ұсынатын үш стратегияның бірін таңдай алатынын атап өткен жөн. Стратегияны таңдау салымшының тәуекелге дайындығы мен зейнетке шыққанға дейінгі мерзіміне байланысты. Зейнеткерлік жасқа дейінгі уақыт неғұрлым көп болса, инвестициялық стратегияны таңдау мүмкіндігі соғұрлым тиімді болады. Егер зейнеткерлікке дейін аз уақыт қалса, онда сіз зейнетақы активтерін басқаруда консервативті тәсілді ғана таңдай аласыз.

января 2027 года договора по инициативе данного УИП. В этой связи ЕНПФ с 1 января 2026 года не принимает новые заявления вкладчиков о переводе пенсионных активов в его управление.

Важно подчеркнуть, что пенсионные средства передаются УИП в обезличенном виде, а централизованный учет накопленных по прежнему ведется ЕНПФ.

- Насколько востребована сегодня возможность передачи пенсионных накопленных в управление УИП вкладчиками?

- Интерес казахстанцев к использованию такой возможности постепенно возрастает. С момента запуска механизма в 2021 году по состоянию на 1 февраля 2026 года исполнено более 117 тысяч заявлений, а общий объем переведенных средств составил свыше 121 млрд тенге. Более динамичный рост активности мы наблюдаем после того, как появилась возможность передавать до 50% своих пенсионных накопленных за счет обязательных и обязательных профессиональных взносов в доверительное управление УИП без учета порога минимальной достаточности. Географически наиболее активны вкладчики в гг. Алматы и Астане - это ожидаемо, учитывая уровень финансовой грамотности и доступ к информации. Также высокую активность демонстрируют жители Актюбинской и Атырауской областей.

- Может ли вкладчик влиять на выбор инструментов, в которые инвестируются его пенсионные средства?

- Прямое участие в выборе отдельных ценных бумаг вкладчик не принимает, однако он может выбрать управляющую компанию и тем самым критерий инвес-

Бұл ретте әрбір ИПБ, активтерді бұрынғыдай – таңдалған бір инвестициялық стратегия шеңберінде басқарады, яғни ИПБ салымшыға стратегиялардың 3 нұсқасын ұсына алмайды. Әрбір портфель белгілі бір тәуекел деңгейі мен ықтимал кірістілікке қарай қалыптастырылады — бірқалыпты табысы бар консервативті нұсқадан бастап, табыстылығы жоғары, бірақ құбылмалылық деңгейі жоғарырақ болатын портфельдерге дейін (2026 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі кеңейтіліп, тәуекелдер бойынша жаңа нормативтер белгіленді).

ИПБ қызметінің нәтижелілігін бағалау үшін композиттік индекстер қолданылады. Бұл индекстер бенчмарк ретінде қызмет етеді және олардың құрамына әлемдегі жетекші қаржы компаниялары әзірлеп, қадағалап отыратын индекстер, мысалы MSCI мен Bloomberg, сондай-ақ Қазақстан қор биржасы индекстері кіреді. Олардың үлес салмағы инвестициялық стратегияға байланысты әртүрлі болады.

Мұндай тәсіл басқару нәтижелерін нарықтағы жалпы өзгерістермен салыстыруға және әлемдік экономикалық үрдістерді ескеруге мүмкіндік береді.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру – халық үшін инвестициялау тәжірибесін жинақтауға, инвестициялық стратегияны таңдауға қатысуға және сол арқылы өз зейнетақы активтерін басқаруға ықпал етуге мүмкіндік беретін тиімді жол.

– ИПБ-лар ұсынатын инвестициялық портфельдер қандай критерийлер бойынша қалыптасады?

– Жоғарыда айтылғандай, инвестициялық стратегиялар тәуекел деңгейі, күтіле-

тирования, в рамках которого УИП формирует инвестиционный портфель, то есть инвестиционную стратегию для управления пенсионными активами. Управляющие пенсионными активами (Нацбанк и УИП) имеют свои стратегии инвестирования пенсионных активов и самостоятельно определяют структуру инвестиционного портфеля в рамках инвестиционной декларации. Вкладчик, прежде чем принять решение о переводе средств УИП, может заранее ознакомиться с ней на сайте ЕНПФ и понять, в какие инструменты инвестирует УИП.

Также отмечу, что с 2026 года вкладчики могут выбрать одну из трех стратегий, предлагаемых определенными УИП, с учетом допустимого для граждан уровня риска и установленных ограничений по срокам приближения к пенсионному возрасту. Выбор стратегии зависит от самого вкладчика: его готовности к риску и срока до выхода на пенсию. Чем больше времени до пенсионного возраста, тем шире возможности для выбора более доходной инвестиционной стратегии. Если же до пенсии осталось немного, то выбрать можно более консервативный подход в управлении пенсионными активами.

При этом каждый УИП, как и прежде, управляет активами в рамках одной выбранной инвестиционной стратегии, то есть УИП не может предлагать вкладчику 3 варианта стратегий. Каждый портфель рассчитан на определенное количество уровня риска и потенциальной доходности - от более консервативного с умеренной доходностью до более доходного, но предполагающего повышенный уровень волатильности (с 1 января 2026 г. расширен перечень финансовых инструментов, разрешенных к приобретению за счет пенсионных активов, и установлены новые нормативы рисков).

Ориентиром для оценки результатов деятельности УИП служат так называемые

тін кірістілік және инвестициялау мерзімі бойынша ерекшеленеді. ИПБ инвестициялық портфельдерді зейнеткерлікке шығуға дейінгі қалған мерзімге және кірістіліктің рұқсат етілген ауытқу деңгейіне қарай мынадай өлшемшарттар негізінде қалыптастырады:

1. Ki (12) – зейнеткерлікке шығу мерзіміне қарамастан барлық салымшыларға арналған портфель. Ең төменгі табыстылық 12 ай қорытындысы бойынша анықталады және тиісті композиттік индекстің номиналды табыстылығының кемінде 95%-ын құрауы тиіс.

2. Ki (36) – зейнеткерлікке шығуға кемінде 3 жыл қалған салымшыларға арналған. Ең төменгі табыстылық 36 ай қорытындысы бойынша есептеледі және композиттік индекстің номиналды табыстылығының 90%-ынан төмен болмауы тиіс.

3. Ki (60) – ұзақ мерзімді инвестициялық көкжиегі бар (зейнеткерлікке шығуға 13 жылдан астам уақыт қалған) салымшыларға арналған. Ең төменгі табыстылық 60 ай қорытындысы бойынша анықталады және композиттік индекстің номиналды табыстылығының 85%-ынан төмен болмауы тиіс.

2026 жылы ИПБ-лар өздерінің инвестициялық портфельдерін қалыптастыру критерийлерін таңдап, бұл туралы БЖЗҚ-ға хабарлады: “Halyk Global Markets” АҚ, “Сентрас Секьюритиз” АҚ, “BCC Invest” АҚ, “Halyk Finance” АҚ салымшылардың зейнеткерлікке шығу мерзіміне қарамастан зейнетақы активтерінен тұратын инвестициялық портфельді қалыптастыру критерийін таңдады. Мұндай портфельдер бойынша табыстылықтың ең төменгі деңгейі 12 айдың қорытындысы бойынша есептеледі.

“Alatau City Invest” АҚ зейнеткерлікке шыққанға дейін кемінде 3 жыл қалған салымшылардың зейнетақы активтерінен тұратын инвестициялық портфельді

композитные индексы, которые представляют собой вид бенчмарка, включающего индексы, разработанные и отслеживаемые ведущими мировыми финансовыми компаниями, такие как MSCI и Bloomberg, а также индексы АО «Казахстанская фондовая биржа» в определенных пропорциях в зависимости от стратегии инвестирования. Такой подход позволяет сравнивать результаты управления с рыночной динамикой и учитывать глобальные экономические тенденции.

Передача части накоплений в доверительное управление УИП - это хорошая возможность для населения приобрести опыт инвестирования, участвовать в выборе инвестиционной стратегии и таким образом влиять на управление своими пенсионными накоплениями.

- Можно немного подробнее рассказать о критериях формирования инвестиционных портфелей, которые предлагают УИП?

- Как уже отмечалось, инвестиционные стратегии различаются по уровню риска и ожидаемой доходности, а также по сроку инвестирования. УИП формируют инвестиционные портфели в зависимости от срока до выхода на пенсию и допустимого уровня колебаний доходности по следующим критериям:

1. Ki (12) - портфель для вкладчиков, независимо от срока до выхода на пенсию. Минимальная доходность определяется по итогам 12 месяцев и должна составлять не менее 95% от номинальной доходности соответствующего композитного индекса.

2. Ki (36) - предназначен для тех, кому до пенсии осталось не менее 3 лет. Минимальная доходность рассчитывается по итогам 36 месяцев и должна быть не ниже 90% номинальной доходности композитного индекса.

3. Ki (60) - для вкладчиков с долгосрочным

қалыптастыру критерийін таңдады. Бұл жағдайда кірістіліктің ең төменгі деңгейі 36 айдың қорытындысы бойынша есептеледі. Салымшылар стратегияларды зерделей отырып, инвестициялық портфельді қалыптастырудың ұсынылған критерийлерінің бірін таңдай алады және өз жинақтарының бір бөлігін сол инвестициялық стратегия шеңберінде әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына бере алады.

Егер салымшының жасы таңдалған ИПБ-ның инвестициялық портфельді қалыптастыру критерийлері үшін белгіленген шекті жасқа сәйкес келмесе, онда зейнетақы жинақтарын қайтадан Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруына немесе жасыңызға сәйкес келетін инвестициялық портфельі бар басқа ИПБ-ның басқаруына аударуға болады.

Бұл әрекетті зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның басқаруына берген күннен бастап кемінде бір жыл өткен соң ғана жүзеге асыруға болады. Ал егер жинақтар ИПБ-ға берілгеніне 12 айдан аз уақыт өтсе, онда қазіргі басқарушы компания қаражатты бір жыл толғанға дейін басқаруды жалғастырады. Осы мерзім аяқталғаннан кейін ғана жинақтарды Қазақстан Ұлттық Банкіне немесе жас ерекшеліктеріне сай келетін басқа ИПБ-ға аударуға болады.

– Қазақстан салымшыларға инвестициялық портфельдерді таңдау мүмкіндігін беретін осындай жүйені енгізген елдердің жолымен келе жатыр деп айтуға бола ма?

Халықаралық тәжірибеге жүгінсек, зейнетақы жинақтарын әртүрлі инвестициялық портфельдер арасында бөлу моделі бірқатар елдерде бұрыннан қолданылып келеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйелерінің ең дамыған үлгілерінің бірі ретінде 1981 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Чили жүйесін

горизонтом (более 13 лет до пенсии). Минимальная доходность определяется по итогам 60 месяцев и не должна быть ниже 85% номинальной доходности композитного индекса.

В 2026 году УИП выбрали критерии формирования своих инвестиционных портфелей и уведомили об этом ЕНПФ: АО «Halyk Global Markets», АО «Сентрас Секьюритиз», АО «BCC Invest», АО «Halyk Finance» выбран критерий формирования инвестиционного портфеля, состоящего из пенсионных активов независимо от срока выхода вкладчиков на пенсию. Минимальный уровень доходности по таким портфелям рассчитывается по итогам 12 месяцев.

АО «Alatau City Invest» выбран критерий формирования инвестиционного портфеля, состоящего из пенсионных активов вкладчиков, которым до выхода на пенсию осталось не менее 3 лет. Минимальный уровень доходности в этом случае рассчитывается по итогам 36 месяцев. Вкладчики, изучив стратегии, могут выбрать один из предложенных критериев формирования инвестиционного портфеля и передать часть своих накоплений в управление УИП, действующему в рамках соответствующей инвестиционной стратегии.

Если возраст вкладчика не соответствует предельному возрасту, установленному для выбранного УИП критерия формирования инвестиционного портфеля, то можно перевести пенсионные накопления обратно в управление Национальному Банку Казахстана либо другому УИП, чей инвестиционный портфель соответствует возрасту. Сделать это можно не ранее чем через один год после передачи пенсионных накоплений в управление УИП. А если с момента передачи накоплений УИП прошло менее 12 месяцев, то текущая управляющая компания продолжит

атауға болады. Чилиде салымшыларға бес түрлі инвестициялық портфель ұсынылады: ең тәуекелшілден (А) ең консервативтіге (Е) дейін. Басқаруды жеке зейнетақы қорлары жүзеге асырады, ал салымшылар өздеріне қолайлы стратегияны дербес таңдайды. Агрессивті портфельдерде акциялардың үлесі 60–80%-ға дейін, облигациялардың үлесі 20–40%-ға дейін жетуі мүмкін. Мұндай тәсіл өзінің нәтижесін көрсетуде. Мысалы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ең тәуекелшіл портфель шамамен 14,89% кірістілікті көрсетсе, тәуекел деңгейі бойынша келесісі шамамен 13,14%, орташа деңгейдегісі шамамен 12,18% болды. Ал консервативті стратегиялардың табыстылығы 10,47%-дан 8,06%-ға дейінгі аралықта қалыптасты. Бұл ретте, стратегияны таңдау әрқашан салымшының жеке мақсаттарына, инвестициялау мерзіміне және тәуекелге дайындық деңгейіне байланысты екенін атап өткен жөн.

Мысал ретінде Гонконгтың тәжірибесі де қызықты. Mandatory Provident Fund (MPF) жүйесінде зейнетақы жинақтарының есебі жүргізіліп, салымшылармен өзара байланыс қамтамасыз етіледі, ал инвестициялық басқаруды жеке компаниялар жүзеге асырады. Салымшыларға түрлі стратегиялар ұсынылады, ал өз бетінше таңдау жасамағандар үшін қаражатты жас ерекшелігіне қарай автоматты түрде бөлу тетігі қолданылады: зейнет жасына жақындаған сайын тәуекел деңгейі біртіндеп төмендетіледі.

Осылайша, мұндай модель әлемде кеңінен танылған тәжірибе болып табылады. Таңдау мүмкіндігін ұсына отырып, мемлекет салымшылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ал түпкілікті шешім әрдайым азаматтың өзінің қаржылық мақсаттары мен қабылдай алатын тәуекел деңгейін ескере отырып қабылданады.

управление средствами до завершения года. Затем можно перевести накопления Нацбанку или другому УИП с подходящими возрастными критериями.

- Можно ли сказать, что Казахстан идет по пути стран, уже внедривших подобную систему с выбором инвестиционных портфелей вкладчиками?

Если говорить о международном опыте, то модель распределения пенсионных накоплений по различным инвестиционным портфелям давно применяется в ряде стран. Одной из наиболее зрелых накопительных систем считается система Чили, действующая с 1981 года. В Чили вкладчикам предлагается пять типов инвестиционных портфелей: от наиболее агрессивного (А) до наиболее консервативного (Е). Управление осуществляют частные пенсионные фонды, а вкладчики самостоятельно выбирают подходящую стратегию. В агрессивных портфелях доля акций может достигать от 60 до 80%, облигаций – от 20 до 40%. И такой подход дает свои результаты. К примеру, по итогам 2025 года наиболее рискованный портфель демонстрировал доходность порядка 14,89%, следующий по уровню риска - около 13,14%, средний - порядка 12,18%, тогда как консервативные стратегии показали доходность от 10,47% до 8,06%. Важно подчеркнуть, что выбор стратегии всегда зависит от индивидуальных целей вкладчиков, горизонта инвестирования и готовности принимать риск.

Интересен, к примеру, и опыт Гонконга. В системе Mandatory Provident Fund (MPF) осуществляется учет пенсионных накоплений и взаимодействие с вкладчиками, тогда как инвестиционное управление ведут частные компании. Вкладчикам предлагаются различные стратегии, а для тех, кто не сделал

- Салымшыларды ықтимал шығындардан қорғау қалай қамтамасыз етіледі? Басқару нәтижелері бойынша табыстылыққа қандай кепілдік беріледі?

- Айта кетейік, егер зейнетақы активтері Ұлттық Банктің басқаруында болса, Қазақстанда міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына инфляция деңгейін ескере отырып мемлекеттік кепілдік берілген. Зейнетке шыққан кезде салымшының зейнетақы жинақтарының кірістілігі бүкіл жинақтаушы зейнетақы жүйесінде болған кезеңдегі жинақталған инфляция деңгейімен салыстырыла отырып есептеледі. Егер кірістілік инфляция деңгейінен төмен болса, мемлекет бұл айырманы республикалық бюджет қаражаты есебінен алушыға біржолғы төлем ретінде өтейді. Ал кірістілік инфляция деңгейіне тең немесе одан жоғары болса, мемлекеттік кепілдік төленбейді. Бұл салымшылардың жинақтары қаржы нарығындағы жағдайдың қалай қалыптасатынына және инвестициялық кірістің қандай болатынына қарамастан, инфляциядан сенімді түрде қорғалғанын білдіреді.

Зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушы компаниялардың (ИПБ) басқаруында болған кезеңде мемлекеттік кепілдіктің орнына басқарушы компанияның кепілдігі қолданылады. Яғни, компания табыстылықтың ең төменгі деңгейін қамтамасыз етуге міндетті. 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін бұл көрсеткіш ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа өлшенген табыстылығы негізінде есептелді. Ал 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ол композиттік индекс деңгейінің 85–95%-ы шегінде (таңдалған ИПБ-ның инвестициялық портфельді қалыптастыру критерийіне байланысты) айқындалады.

выбор самостоятельно, применяется автоматический механизм распределения средств по возрастному принципу: по мере приближения к пенсионному возрасту уровень риска постепенно снижается.

Таким образом, подобная модель является признанной практикой в мире. Предоставляя возможность выбора, государство расширяет возможности вкладчиков. Окончательное решение всегда остается за самим гражданином с учетом его финансовых целей и допустимого уровня риска.

- Как обеспечивается защита вкладчиков от возможных потерь? Какова гарантия по доходности по итогам управления?

- Отметим, что в Казахстане действует государственная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учётом уровня инфляции, если пенсионные активы находятся под управлением Нацбанка. При выходе на пенсию производится расчет доходности пенсионных накоплений вкладчика в соотношении с уровнем накопленной инфляции за весь период нахождения в накопительной пенсионной системе. Если доходность ниже уровня инфляции, государство выплачивает эту разницу получателю за счет средств республиканского бюджета единовременным платежом. Если доходность равна или превышает инфляцию, то государственная гарантия не выплачивается. Это говорит о том, что накопления вкладчиков надёжно защищены от инфляции вне зависимости от того, как будут развиваться события на финансовых рынках и складываться ситуация с инвестиционным доходом.

В период нахождения пенсионных накоплений под управлением УИП гарантии государства заменяются гарантиями управляющей компании, то

Белгіленген сенімгерлік басқару мерзімі аяқталғаннан кейін ИПБ алынған кірістілікті қолданылатын бенчмарк бойынша нарықтағы ең төменгі кірістілік деңгейімен салыстырады. Егер нақты кірістілік белгіленген ең төменгі деңгейден төмен болса, басқарушы компания туындаған теріс айырманы өтейді.

- Салымшы үшін оның қаражатын басқару процесі қаншалықты ашық?

- Әрбір салымшы БЖЗҚ сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинетінде өзінің инвестициялық кірісін, сондай-ақ қаражаттың Қазақстан Ұлттық Банкі мен инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) арасында қалай бөлінгенін көре алады. Бұдан бөлек, БЖЗҚ ай сайын инвестициялық қызметке қатысты шолулар жариялап отырады, онда зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олардың қандай қаржы құралдарына орналастырылғаны туралы толық ақпарат ұсынылады. Бұл салымшыларға нәтижені бақылап қана қоймай, инвестициялық үдерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, халықтың хабардар болу деңгейін арттыру және БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялау тетіктері туралы тұрақты түсінік қалыптастыру мақсатында invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформасы іске қосылды. Аталған платформа инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) туралы барлық негізгі ақпаратты бір цифрлық кеңістікте біріктіріп, инвестициялық қызмет туралы деректерді ұсынудың жүйелі тәсілін қамтамасыз етеді. Бұл – салымшыларға зейнетақы инвестицияларын онлайн режимде талдауға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық ресурс.

Платформада негізгі ұғымдар, зейнетақы жинақтары жүйесі, бағалы қағаздар,

есть она должна обеспечить минимальный уровень доходности, который до 1 января 2026 года рассчитывался исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, а с 1 января 2026 года рассчитывается на уровне 85-95% от композитного индекса (в зависимости от выбранного УИП критерия формирования инвестиционного портфеля).

По завершении установленного периода доверительного управления УИП сравнивает полученную доходность с минимальным уровнем доходности на рынке по применяемому бенчмарку. Если фактическая доходность окажется ниже установленного минимального значения, управляющая компания компенсирует образовавшуюся отрицательную разницу.

- Насколько прозрачен для вкладчика процесс управления его средствами?

- Каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход, а также распределение средств между Нацбанком и УИП в личном кабинете на сайте ЕНПФ или в мобильном приложении. Кроме того, ЕНПФ ежемесячно публикует обзоры инвестиционной деятельности, где можно посмотреть детальную информацию об инвестиционном управлении и финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ. Это позволяет не только контролировать результат, но и повышать собственное понимание инвестиционных процессов.

Также в целях повышения уровня информирования населения и формирования устойчивого понимания механизмов инвестирования пенсионных активов ЕНПФ запускает единую информационную интернет-платформу по инвестиционному управлению пенсионными активами граждан invest.enpf.kz. Платфор-

инвестициялық стратегиялар, зейнетақы активтерін орналастыру құрылымы, санкциялар мен ықпал ету шаралары, ИПБ-лардың реттеуші талаптарды сақтауы, сондай-ақ олардың қаржылық көрсеткіштері және салымшыларға ИПБ қызметі мен инвестициялық қызметі туралы жан-жақты түсінік қалыптастыруға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

Платформа кірістілік туралы ақпаратқа ыңғайлы әрі жүйеленген қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ белгіленген кезеңдер аралығында сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері портфельдері бойынша әртүрлі деректерді динамикада салыстыруға мүмкіндік береді. Салымшы инвестициялық портфельдерді өз бетінше бағалау құралдарын пайдаланып, өз мақсаттары мен күтілімдеріне сәйкес келетін басқарушыны және оның инвестициялық стратегиясын таңдауға мүмкіндік алады.

– Салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуге байланысты өзгерістерді енгізудің негізгі мақсатын қалай тұжырымдайсыз?

– Негізгі мақсат – салымшылардың сенімі мен белсенділігін арттыру, сондай-ақ азаматтарға өз зейнетақы болашағын қалыптастыруға қатысу үшін қажетті құралдарды ұсыну. Уақыт өте келе адамдар капитал нарықтарының қалай жұмыс істейтініне, кірістіліктің қалай қалыптасатынына қызығушылық таныта бастайды, ал бұл өз кезегінде халықтың қаржылық сауаттылығының артуына тікелей әсер етеді. Мен заңнамалық өзгерістер мультипликативтік әсер беріп, жергілікті бағалы қағаздар нарығында өтімділіктің артуына, сондай-ақ сенімгерлік басқарушылардың нарықтағы белсенділігінің күшеюіне ықпал етеді деп сенемін.

ма объединяет всю ключевую информацию об УИП в одном цифровом пространстве и обеспечивает системный подход к предоставлению данных об инвестиционной деятельности. Это современный цифровой ресурс, предоставляющий вкладчикам возможность в онлайн-режиме анализировать пенсионные инвестиции.

Информация о базовых понятиях, системе пенсионных накоплений, ценных бумагах, стратегиях инвестирования, структуре размещения пенсионных активов, санкциях и мерах воздействия, соблюдении УИП регуляторных требований, а также финансовые показатели УИП и иные сведения, позволяющие вкладчикам составить свой портрет УИП и его инвестиционной деятельности, доступны на платформе на казахском и русском языках.

Платформа обеспечивает удобный и структурированный доступ к информации о доходности, позволяет в динамике по заданному диапазону периодов сопоставлять различные данные по портфелям пенсионных активов, находящихся в управлении доверительных управляющих. Вкладчик получает инструменты для самостоятельной оценки инвестиционных портфелей, а также выбора управляющего и его стратегии инвестирования, адаптированных под свои цели и ожидания.

– Как бы вы сформулировали главную цель внедрения изменений, связанных с расширением инвестиционных возможностей вкладчиков?

– Главная цель – повысить доверие и вовлеченность вкладчиков, а также дать людям инструменты для участия в формировании своего пенсионного будущего. Люди начинают интересоваться тем, как работают рынки капитала, каким образом формируется доходность, и это


БЖЗҚ өз тарапынан қызметтердің цифрлық қолжетімділігін және салымшыларға ақпараттық қолдауды, соның ішінде зейнетақы активтерін басқару жүйесінде, әрі қарай да қамтамасыз етуді жалғастырады. Бұл азаматтарға зейнетақы капиталын жинақтау стратегияларын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

напрямую влияет на рост финансовой грамотности населения. Я надеюсь, что законодательные изменения будут иметь мультипликативный эффект и повлияют на локальный рынок ценных бумаг в части повышения ликвидности, активности доверительных управляющих на рынке.

ЕНПФ со своей стороны продолжит обеспечивать цифровую доступность услуг и информационную поддержку вкладчиков, в том числе в системе управления пенсионными активами, чтобы граждане могли делать осознанный выбор стратегий накопления пенсионного капитала.

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ
АКТИВТЕРІН
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
БАСҚАРУ БОЙЫНША
invest.enpf.kz
БІРЫҢҒАЙ ИНТЕРНЕТ-
ПЛАТФОРМАСЫН
ІСКЕ ҚОСТЫ

ЕНПФ ЗАПУСТИЛ
ЕДИНУЮ ИНТЕРНЕТ-
ПЛАТФОРМУ
ПО ИНВЕСТИЦИОННОМУ
УПРАВЛЕНИЮ
ПЕНСИОННЫМИ
АКТИВАМИ
invest.enpf.kz



БЖЗҚ азаматтардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформасының іске қосылғаны туралы хабарлайды. Платформа инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) туралы барлық ақпаратты бір цифрлық кеңістікте біріктірді және ұсынылатын инвестициялық қызмет туралы деректердің жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Жобаның мақсаты – зейнетақы активтерінің кірістілігі туралы деректерді жариялауды үндестіру және инвестициялау нәтижелеріне әсер ететін факторларды түсіндіру арқылы халықты хабардар етуді арттыру және зейнетақы активтерін инвестициялау тетіктеріне қатысты тұрақты түсінік қалыптастыру.

Инвестициялық басқару жөніндегі бірыңғай ақпараттық интернет-платформа – бұл салымшыларға зейнетақы инвестицияларын онлайн-режимде талдауға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық ресурс.

Пайдаланушыларға зейнетақы жинақтарының жүйесі, бағалы қағаздар, инвестициялау стратегиялары (критерийлері), базалық ұғымдар, зейнетақы активтерін орналастыру құрылымы, сондай-ақ ИПБ-лардың қаржылық көрсеткіштері, санкциялар мен ықпал ету шаралары туралы ақпарат, ИПБ-лардың реттеушілік талаптарды сақтауы туралы деректер және салымшыларға ИПБ-ның өзіндік портретін жасауға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

Платформа кірістілік туралы ақпаратқа ыңғайлы және құрылымдалған қолжетімділікті қамтамасыз етеді, белгіленген кезеңдер бойынша сенімгерлік басқарушылардың (ҚРҰБ және ИПБ) басқаруындағы зейнетақы активтерінің

ЕНПФ информмирует о запуске единой информационной интернет-платформы по инвестиционному управлению пенсионными активами граждан invest.enpf.kz. Платформа объединяет всю ключевую информацию об управляющих инвестиционными портфелями (УИП) в одном цифровом пространстве и обеспечивает системный подход к предоставлению данных об инвестиционной деятельности.

Целью проекта является повышение информирования населения и формирование устойчивого понимания механизмов инвестирования пенсионных активов за счёт синхронизации публикации данных о доходности пенсионных активов и разъяснения факторов, влияющих на результаты инвестирования.

Единая информационная интернет-платформа по инвестиционному управлению - это современный цифровой ресурс, предоставляющий вкладчикам возможность в онлайн-режиме анализировать пенсионные инвестиции.

На казахском и русском языках пользователям доступны сведения о системе пенсионных накоплений, ценных бумагах, стратегиях (критериях) инвестирования, базовых понятиях, структуре размещения пенсионных активов, а также финансовые показатели УИП, информация о санкциях и мерах воздействия, данные о соблюдении УИП регуляторных требований и иные сведения, позволяющие вкладчикам составить свой портрет УИП и его инвестиционной деятельности.

Платформа обеспечивает удобный и структурированный доступ к информации о доходности, позволяет в динамике по заданному диапазону периодов сопоставлять различные

портфельдері бойынша түрлі деректерді салыстыруға мүмкіндік береді. Салымшы инвестициялық портфельдерді өз бетінше бағалауға, сондай-ақ басқарушыны және оның мақсаттары мен үміттеріне бейімделген инвестициялау стратегиясын таңдауға арналған құралдарға қол жеткізе алады.

Осылайша, бірыңғай интернет-платформа салымшылардың зейнетақы капиталын басқаруға және саналы түрде өзінің қаржылық болашағын қалыптастыруға барынша қатысуына ықпал ете отырып, зейнетақы жүйесіндегі цифрлық сервистерді дамытудың маңызды элементіне айналады.

ПЛАТФОРМАНЫҢ НЕГІЗГІ МҮМКІНДІКТЕРІ

1. Ақпараттың көрнекілігі мен қолжетімділігі

Барлық деректер пайдаланушылардың кең ауқымы үшін ыңғайлы және түсінікті форматта ұсынылған, бұл салымшыға өз қаражатының қайда және қалай инвестицияланатынын анық түсінуге мүмкіндік береді.

2. ИПБ кірістілігі мен көрсеткіштерін салыстыру

Платформа ИПБ-ларды портфель құрылымының кірістілігі, зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің құны, сондай-ақ қаржылық көрсеткіштер мен инвестициялық қызмет нәтижелері сынды негізгі параметрлер бойынша салыстыруға мүмкіндік береді.

3. Инвестициялық стратегияны саналы түрде таңдау

Салымшы инвестициялық декларацияларды дербес зерделей алады және зейнетақы жинақтарын зейнетақы активтерін инвестициялық басқару критериіне сәйкес таңдаған ИПБ-ға басқаруға беру туралы шешім қабылдай алады.

данные по портфелям пенсионных активов, находящихся в управлении доверительных управляющих (НБРК и УИП). Вкладчик получает инструменты для самостоятельной оценки инвестиционных портфелей, а также выбора управляющего и его стратегии инвестирования, адаптированных под свои цели и ожидания.

Таким образом, единая интернет-платформа становится важным элементом развития цифровых сервисов в пенсионной системе, способствуя более осознанному участию вкладчиков в управлении пенсионным капиталом и формировании своего финансового будущего.

КЛЮЧЕВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПЛАТФОРМЫ

1. Наглядность и доступность информации

Все данные представлены в удобном формате для широкого круга пользователей, что позволяет вкладчику ясно понимать, куда и каким образом инвестируются его средства.

2. Сравнение доходности и показателей УИП

Платформа позволяет сравнивать УИП по ключевым параметрам: доходности структуре портфеля, стоимости условной единицы пенсионных активов, а также по финансовым показателям и результатам инвестиционной деятельности.

3. Осознанный выбор инвестиционной стратегии

Вкладчик может самостоятельно изучать инвестиционные декларации и принимать решение о передаче пенсионных накоплений в управление выбранному УИП согласно его критерию инвестиционного управления пенсионными активами.

4. Салымшының толық ақпараттық бақылауы

Қажетті талдау жүргізе отырып, пайдаланушы Порталдан жеке кабинетке өту арқылы өзінің жеке зейнетақы активтері туралы егжей-тегжейлі ақпарат алады. Қажет болған жағдайда ИПБ-ға міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының 50%-на дейін және ерікті зейнетақы жарналарының 100%-на дейін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударуды жүзеге асыра алады.

ЖЕКЕ КАБИНЕТТІҢ ФУНКЦИОНАЛЫ

Жеке кабинетте салымшы:

- ҚР ҰБ/ИПБ-дан/-ға аудару/қайтару үшін қолжетімді соманы тексере алады;
- ИПБ таңдау (өзгерту туралы) туралы немесе ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруға қайтаруға өтініш беру қағидаларымен және шарттарымен таныса алады;
- ИПБ таңдау (өзгерту туралы) немесе ҚР ҰБ-ға қайтару туралы өтініш беріп, оның мәртебесін қадағалай алады;
- басқа да қолжетімді зейнетақы қызметтерін алуға мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ-НЫҢ ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕРІН ДАМУ

БЖЗҚ салымшылар үшін ыңғайлы ету және олардың қажеттіліктеріне назар аудара отырып, цифрлық сервистерді тұрақты негізде жетілдіріп келеді.

01.01.2025 ж. бастап 31.12.2025 ж. дейінгі кезеңде Қор халыққа 43,3 млн. қызмет көрсетті. Олардың жалпы санының 27,2

4. Полный информационный контроль вкладчика

Проведя необходимый анализ, пользователь путем перехода с Портала в личный кабинет получает детализированную информацию о своих персональных пенсионных активах. В случае необходимости, может осуществить перевод в УИП до 50% обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и до 100% добровольных пенсионных взносов в доверительное управление УИП.

ФУНКЦИОНАЛ ЛИЧНОГО КАБИНЕТА

В личном кабинете вкладчик может в том числе:

- проверить доступную сумму для передачи/возврата в/из УИП/НБ РК;
- ознакомиться с правилами и условиями подачи заявления о выборе (об изменении) УИП или на возврат пенсионных накоплений, находящихся в доверительном управлении УИП, в доверительное управление НБ РК;
- подать заявление о выборе (об изменении) УИП или на возврат в НБ РК и отслеживать его статус;
- получить другие доступные пенсионные услуги.

РАЗВИТИЕ ЦИФРОВЫХ СЕРВИСОВ ЕНПФ

ЕНПФ на постоянной основе совершенствует цифровые сервисы, ориентируясь на удобство и потребности вкладчиков.

За период с 01.01.2025 г. по 31.12.2025 г. Фондом оказано населению 43,3 млн услуг. Из их общего количества 27,2 млн

млн-ы – электрондық форматта, 14,7 млн-ы – автоматты түрде. Осылайша автоматты, электронды және қашықтағы форматтағы қызметтердің үлесі жалпы санның 97,9%-ын құрады.

Салымшылардың веб-сервистер арқылы кез-келген уақытта жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алуға, деректемелерге өзгерістер енгізуге мүмкіндігі бар. Жеке кабинеттің басты бетіндегі жаңалықтармен танысып, төлемге өтініш беріп, зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға, басқарушы компанияны ауыстыруға немесе активтерді ҚРҰБ басқаруына қайтаруға өтініш бере алады және онлайн режимде берілген өтініштердің мәртебесін қадағалай алады.

БЖЗҚ-ның цифрлық экожүйесі бүгінде зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін, жеделдігін және ашықтығын қамтамасыз етеді және Қордың салымшылармен өзара іс-қимылының негізгі арнасы болып табылады.

проведено в электронном формате, в автоматическом –14,7 млн. Таким образом, доля услуг в автоматическом, электронном и удаленном форматах составила 97,9 % от общего количества.

Через веб-сервисы вкладчики могут в любое время сформировать выписку с индивидуального пенсионного счёта, внести изменения в реквизиты, ознакомиться с новостями на главной странице личного кабинета, подать заявление на выплату, а также подать заявление на перевод пенсионных накоплений в УИП, смену управляющей компании или возврат активов под управление НБРК и отслеживать статус поданных заявлений в режиме онлайн.

Цифровая экосистема ЕНПФ на сегодняшний день является ключевым каналом взаимодействия Фонда с вкладчиками, обеспечивая доступность, оперативность и прозрачность пенсионных услуг.



Көріңіз: БЖЗҚ invest.enpf.kz бірыңғай интернет-платформасын іске қосты



Смотреть: ЕНПФ запустил единую интернет-платформу invest.enpf.kz



Көріңіз: Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға арналған invest.enpf.kz интернет-платформасы



Смотреть: Видеоинструкция по интернет-платформе инвестиционного управления пенсионными активами invest.enpf.kz

Қош келдің,

Наурыз!

Добро пожаловать!

Наурыз — Қазақстандағы ең мәнді де мағыналы, халықтың қуана күтетін мерекелерінің бірі. Ол жыл сайын, көктемгі күн мен түн теңелетін 21 наурыз күні атап өтіледі. Бұл мереке жаңа жылдың басталып, табиғаттың жаңарып, тіршіліктің қайта түлеуін білдіреді. Наурыз тек Қазақстанда ғана емес, Орталық Азияның көптеген елдерінде, соның ішінде Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанда да кеңінен тойланады.

Наурыздың тарихи тамыры

Наурыздың тамыры тереңде жатыр, ол зороастризм дәуірінен бастау алып, үш мың жылдан астам тарихты қамтиды. «Наурыз» атауы парсы тіліндегі «нау» (жаңа) және «руз» (күн) сөздерінен шыққан, мағынасы — «жаңа күн». Бұл мереке ЮНЕСКО тарапынан адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы ретінде танылған.

Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

Наурыз — сан-алуан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға бай мереке. Олардың бірқатары бүгінгі күнге дейін сақталып, халық арасында кеңінен қолданылып келеді.

Наурыз көже – мерекенің басты тағамы, жеті түрлі дәмнен дайындалады. Ол молшылық пен берекенің нышаны саналады.

Отбасылық басқосулар — ағайын-туыс, отбасы мүшелері бір дастархан басына жиналып, бір-біріне ақжарма тілектерін арнайтын, сый-сияпат жасайтын берекелі кезең.

Ұлттық ойындар – қазақша күрес, асық ату секілді ұлттық спорттық ойындар ұйымдастырылады.

Наурыз — это один из самых значимых и любимых праздников в Казахстане, который отмечается 21 марта, в день весеннего равноденствия. Этот праздник символизирует обновление природы, начало нового года и возрождение жизни. Наурыз имеет глубокие корни и отмечается не только в Казахстане, но и во многих других странах Центральной Азии, включая Узбекистан, Кыргызстан и Таджикистан.

Исторические корни Наурыза

Наурыз имеет древние зороастрийские корни и восходит к более чем 3000 лет назад. Его название происходит от персидских слов “нау” (новый) и “руз” (день), что в переводе означает “новый день”. Праздник признан ЮНЕСКО как нематериальное культурное наследие человечества.

Традиции и обычаи

Наурыз наполнен множеством традиций и обычаев, некоторые из которых казахстанцы соблюдают и сегодня, готовясь к празднику.

Наурыз көже: Одним из главных блюд праздника является наурыз көже — суп из семи ингредиентов, символизирующих достаток и благополучие.

Семейные встречи: Наурыз — это время для воссоединения с семьей. Люди собираются за общим столом, обмениваются подарками и поздравлениями.

Национальные игры: В этот день проводятся различные спортивные соревнования, такие как казахша күрес (борьба), асық ату (игра в асык) и другие.

Әуезді әуен, ырғақты би – мерекелік думан халық әндері, күйлер, ұлттық билер мен концерттік бағдарламаларсыз өтпейді.

Қазіргі заманғы дәстүрлер

Бүгінде Наурыз көктемнің ажырамас белгісіне айналып, қала мен ауылда бірдей кең көлемде аталып өтеді. Мерекелік шаралар аясында концерттер, жәрмеңкелер, көрмелер ұйымдастырылып, ел мәдениеті мен салт-дәстүрі кеңінен таныстырылады.

Наурыздың мәні

Наурыз — тек көктем мерекесі ғана емес, ол бірлік пен татулықтың, достық пен мейірімнің нышаны. Бұл мейрам адамдарды ізгілікке, өзара көмекке, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге үндейді. Қазіргі заманда да Наурыз өз маңызын жоғалтпай, түрлі ұрпақ пен ұлт өкілдерін ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіріп келеді.

21 наурыз күні Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келетін қандай астрономиялық құбылыс болады?

21 наурызда күн мен түн теңеледі. Бұл — аса маңызды астрономиялық құбылыс. Күн мен түннің ұзақтығы теңесіп, қыстан көктемге өту кезеңі басталады. Көктемгі күн мен түннің теңелуі солтүстік жартышарда астрономиялық көктемнің басталуын білдіреді.

Көктемгі күн теңелуінің негізгі қырлары:

Күн мен түннің теңдігі: бұл күні жарық пен қараңғы уақыт тең болып, тепе-теңдік пен үйлесімділікті бейнелейді.

Жаңа маусымның басталуы: күн мен түннің теңелуімен көктем келіп, табиғат оянып, күн ұзара бастайды.

Мәдени маңызы: Көптеген мәдениеттерде, соның ішінде қазақ халқының дүниетанымында көктемгі күн

Музыка и танцы: Празднование не обходится без музыкальных выступлений, народных танцев и исполнения традиционных казахских песен.

Современные традиции

Празднование Наурыза давно стало неотъемлемой частью весны и его отмечают как в городах, так и в селах. Праздничные мероприятия включают концерты, ярмарки и выставки, где можно познакомиться с культурой и традициями Казахстана.

Значение Наурыза

Наурыз — это не только праздник весны, но и символ единства, дружбы и любви. Он напоминает людям о важности доброты, взаимопомощи и уважения к традициям. В условиях современности Наурыз продолжает сохранять свою значимость, объединяя разные поколения и нации.

Какой астрономический феномен происходит 21 марта, совпадая с праздником Наурыз?

21 марта происходит весеннее равноденствие, которое является важным астрономическим явлением. В этот день продолжительность дня и ночи примерно равны, что символизирует переход от зимы к весне. Весеннее равноденствие знаменует начало астрономической весны в северном полушарии.

Основные аспекты весеннего равноденствия:

Равенство дня и ночи: В этот день световой и темный период суток равны, что символизирует баланс и равновесие.

Начало нового сезона: Весеннее равноденствие ознаменовывает начало весны, когда природа начинает пробуждаться, а дни становятся длиннее.



мен түннің теңелуі жаңару, өмірді дәріптеу және болашаққа деген үмітпен тығыз байланысты. Бұл Наурыз мерекесінің мазмұнымен толық үйлеседі.

Осылайша Наурыз бен көктемгі күн мен түннің теңелуі бір-бірімен ажырамас байланыста болып, табиғаттың мәңгілік айналымын және жаңа бастамалардың символын айқын көрсетеді. Жаңару мен үміт рухына толы бұл мереке барша қазақстандықтарды өз мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтай отырып, жарқын болашаққа ұмтылуға шабыттандырады.



Культурное значение: Во многих культурах, включая казахскую, весеннее равноденствие ассоциируется с обновлением, празднованием жизни и надеждой на будущее, что прекрасно перекликается с темами Наурыза.

Таким образом, Наурыз и весеннее равноденствие тесно связаны друг с другом, отражая циклы природы и символизируя новые начала. Этот праздник, пропитанный духом обновления и надежды, вдохновляет всех казахстанцев стремиться к лучшему будущему, сохраняя свою культуру и традиции.

ҚАРИЯ ШАҚҚА ЖИНАҒЫЗ!
ДАРИЯ БАҚҚА ЖИНАҒЫЗ!

КОПИТЕ НА СТАРОСТЬ!
КОПИТЕ НА РАДОСТЬ!

Е Н^{PRO} П Ф

  /enpfkz
  /enpf.kz